

Басылым №1

МУРАТБАЕВ NEWS

30 қыркүйек 2025




*“Үздік волонтер”
байқауы*

*“СМ арналу” жобасы
аясында шығармашылық
топқа кастинг*

1 қыркүйек – Білім күні.

Ғани Мұратбаев атындағы гимназияда «Мектебім – мейірім мекені» тақырыбымен салтанатты мереке ұйымдастырылды.

Іс-шара Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнімен ашылып, ерекше сән-салтанатқа бөленді. Гимназия директоры Қайпулдаев Арыстанбек Қалыбекұлы құттықтау сөз сөйлеп, мерекелік жиынның шымылдығын түрді. Ол мектеп табалдырығын алғаш аттаған балғын бүлдіршіндерді, барлық оқушылар мен қадірлі ұстаздарды Білім күнімен құттықтап, жаңа оқу жылында толайым табыс тіледі.



«Менің Отаным Қазақстан» тақырыбында сынып сағаты.

Гимназиямызда 1-11 сынып оқушылары «Менің Отаным Қазақстан» тақырыбында сынып сағатын өтті. Сынып жетекші ұстаздар сынып сағаттарында оқушыларға құндылықтар жөнінде жалпы ақпарат беріп, білім алушылармен бірге құндылықтардың адам өміріндегі ролін талқылап, отаншылдық құрмет және азаматтық сана құндылықтарын дарытып, сыныптың жағымды микроклиматын орнатып және жаңа оқу жылына жағымды көңіл күй қалыптастыру бағытында өткізілді.



*«Отанға деген махаббат
жүректен басталады.
Қазақстанды сүйемін деген
адам оның бейбіт өмірін
бағалап, бірлігін сақтауға
атсалысуы – ең үлкен парыз».*

Назар аударыңыз - балалар”

4 қыркүйек гимназияда «Назар аударыңыз – балалар!» ақпараттық акциясы аясында 2–3 сынып оқушылары арасында «Жол қауіпсіздігін білесің бе?» тақырыбында сауалнама жүргізілді.

Балалар бағдаршамның қызметі, жаяу жүргіншілер өткелі, қоғамдық көлікте өзін дұрыс ұстау сияқты маңызды қауіпсіздік талаптары жөнінде қосымша түсінік алды.

Сауалнама нәтижесінде оқушылар өз ойларын ортаға салып, жолда абай болудың маңызын түсінді.



Мақсаты:

- Оқушылардың жолда жүру ережелері туралы білімін тереңдету және қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру.
- Жолда, көшеде және аула маңында абайлап, тәртіппен жүруге үйрету.
- Жол қозғалысы ережелерін сақтаудың өмір қауіпсіздігі үшін маңызды екенін түсіндіру және жауапкершілікке тәрбиелеу.



Ахмет Байтұрсынұлы - Ұлт ұстазы!

Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай, мектепшілік дөңгелек үстел өтті. Оқушылар Ахмет Байтұрсынұлының өнегеге толы өмір жолы мен тағылымы мол шығармаларын талдай отырып, ғылыми еңбектері жайында ой бөлісті. Дөңгелек үстел барысында “Ахмет Байтұрсынұлының төте әпіппесі”, “Ахметтің қазақ тіл ғылымына қосқан үлесі”, “Қазақ» газеті – Ұлттық құндылықтың шамшырағы”, “Ұлт ұстазы шығармаларындағы ұлттық құндылық оқушы көзімен” тақырыптары қозғалды. Оқушылар өзара пікір алмасып, аялық білімдерін кеңейте түсті.



«Ұлтты сақтап қалу үшін алдымен оның тілін сақтау керек»

А.Байтұрсынұлы

«Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі.»



Гимназияда қыз тәрбиесіне басты мән беру, жат қылықтардың, ерте жүктіліктің алдын алу, өтпелі кезеңдегі психологиялық-физиологиялық өзгерістерді қабылдауда қолдау көрсету, сондай-ақ, имандылық, инабаттылық, ізеттілік сынды қасиеттерді бойларына сіңіру мақсатында гимназия психологы А.Байдуалы мен медбике Г.Ахатова ұйымдастыруымен жоғарғы сынып қыздарына ерте жыныстық жетілулер және ерте жүктіліктің алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, түсіндірме жұмыстарына аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері де қатысып, өз ойларымен бөлісті.

**«Қыз тәрбиесі – адамзаттың тағдыры.
Қызға көрсетілген құрмет, берілген тәрбие – ертеңгі ұрпақтың тәрбиесіне қаланған берік негіз»**

Әкелер клубы аясында футбол турнирі



«Әкелер клубы» аясында футбол турнирі ұйымдастырылып, оған түрлі сыныптардың әкелері белсене қатысты. Турнирдің басты мақсаты – әкелердің спортқа деген қызығушылығын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау және ата-аналар мен балалар арасындағы байланысты нығайту болды. Шара барысында қатысушылар өзара тартысты ойын өрнегін көрсетіп, командалық рух пен достықты паш етті. Әкелердің ынтымақтастығы жас ұрпаққа үлгі болып, спорт арқылы бірлікті арттыра түсті. Жеңімпаз командалар марапатталып, барлық қатысушыларға алғыс хаттар табыс етілді. Турнир достық атмосферада өтіп, көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

АДАЛ АЗАМАТ: ОТБАСЫ, МЕКТЕП ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҮНДЕСТІГІ - ЖАҢАРТЫЛҒАН ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ

17 қыркүйек күні “Адал азамат”: отбасы, мектеп және қоғам үндестігі - жаңартылған тәрбие бағдарламасы” тақырыбында брифинг өтті. Брифингті ҚР Президенті жанындағы “Орталық коммуникациялар қызметі” РММ Баспасөз конференциясы ұйымдастырды. Жұмыс барысында қолданатын болғандықтан мен үшін маңызды брифингте сөз алған спикер ҚР Оқу-ағарту министрлігі Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментінің директоры Қалмақов Ерлан Болатұлы:

«Алғаш рет бұл бағдарлама жекеменшік мектептер үшін де міндетті болмақ. Бұл тәрбие жұмысының ел көлемінде бірізді стандартпен жүргізілуіне және барлық оқушылар үшін тең орта қалыптастыруына мүмкіндік береді. Өңірлерде жекеменшік мектеп мұғалімдеріне арналған оқыту семинарларының сериясы ұйымдастырылды.



Кастинг!

Журналистикаға, сахнаға, мультфильм жасауға немесе заманауи технологияға қызықсаң - онда бұл мүмкіндік сен үшін!


Ғани Мұрабаев гимназиясында ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТОПҚА КАСТИНГ жарияланады!

Тіркелу уақыты: 18-22 қыркүйек

Кастинг күні: 23 қыркүйек

Өтетін жері: Мектеп студиясы

«Өнерге жақын болсаң - мүмкіндігіңді жіберіп алма!»



Journalism

“Үздік Волонтер” танымдық шарасы



Волонтер – қоғам айнасы, халықтың жанашыры. Оның әрбір қайырымды ісі – болашаққа бағытталған мейірімнің жарық сәулесі, жүректерге үміт сыйлайтын ізгі қадам.

Сондықтан «Үздік волонтер» атағына ие болған жандар – тек біздің ғана емес, бүкіл қоғамның мақтанышы.

Волонтер болу – тек көмектесу емес, ол – жауапкершілік, азаматтық белсенділік, адамға деген сүйіспеншілік.

Әрбір игі іс – өмірді жақсы жаққа өзгертуге үлес қосатын кішкентай болса да құнды қадам.

Біз бірге болсақ – мықтымыз! Біз бірге болсақ – қоғамды жақсылыққа толтыра аламыз!

Ортақ мақсат, шынайы ниет пен бірлік – үлкен өзгерістердің бастауы. Жасай берсін, волонтерлік қозғалыс!

“ЗАҢ - ТӘРТІП НЕГІЗІ” құқықтық кездесу



Гимназиямызда Байзақ ауданы әкімінің 16.09.2025 жылғы №81н/қ өкіміне сәйкес құрылған жұмыс тобының мүшелері Байзақ ауданының әкімі Бакқараев Олжас Елебекұлы, Байзақ аудандық сотының төрағасы Төленбеков Досжан Қанатбекұлы, Байзақ ауданының прокуроры Мүлкеманов Акберген Жанысбекұлы, Байзақ аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі Өскенбаев Мұрат Рыспекұлы, Аудандық орталық ауруханасының бас дәрігерінің орынбасары Мырзаева Жаудір 8-11 сынып оқушыларымен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша “Заңды сақтау-болашаққа жол” тақырыбында кездесу өткізді. Кездесу барысында жұмыс тобының мүшелері оқушыларға қылмыстық жауапкершілік, буллинг және оның салдары, оқушының міндеттері мен құқықтары және отбасы тәрбиесі туралы ойларын жеткізіп, пікір алмасты. Жалпы жиынға 8-11 сынып оқушылары арасынан 363 оқушы қамтылды.

Ата-аналар жиналысы



Біздің ортақ мақсатымыз – балаларымызға сапалы білім мен жақсы тәрбие беру. Осы жолда мектеп пен ата-ананың бірлескен еңбегі ерекше маңызға ие. Күн тәртібі:

1. Балалардың оқу жетістіктері мен үлгерімі туралы мәлімет.
2. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы жұмыс барысы.
3. Құқықбұзушылықтың алдын-алу жұмыстары.
4. Ата-аналар тарапынан ұсыныстар мен пікірлер.

Құрметті ата-аналар! Баланың тұлға болып қалыптасуында отбасының рөлі зор. Мектеп баланың білім алуына жағдай жасаса, ата-ана оның тәрбиесіне, құндылықтарды бойына сіңіруіне жауап береді. Сондықтан, біз бірлесе отырып, балаларымыздың болашағына дұрыс бағыт бере аламыз.



МҰРАТБАЕВ NEWS

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ

«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» РУБРИКАСЫ

БІР ЕЛ БАР ЕКЕН, ХАЛҚЫНЫҢ КӨБІСІ ҰЙҚЫДА, БІЛІМ МЕН ЕҢБЕККЕ МӘН БЕРМЕЙ, ҚАРАҢҒЫЛЫҚТА ӨМІР СҮРІПТІ. СОЛ ЕЛДІҢ АРАСЫНДА КІШКЕНТАЙ ҒАНА МАСА ЖҮРЕТІН. ОЛ ХАЛЫҚТЫҢ ЖАҒДАЙЫН КӨРІП, ЖАНЫ АШЫП, КҮН САЙЫН ҮЙЛЕРДІ АРАЛАП:

— ОЯНЫҢДАР! НАДАНДЫҚҚА БЕРІЛМЕҢДЕР! — ДЕП ШЫРЫЛДАПТЫ.

АДАМДАР ОҒАН МӘН БЕРМЕЙ, «ТЫНЫШТЫҚ БЕРМЕЙТІН МАСА» ДЕП ҚАҒЫП ТАСТАЙ БЕРЕДІ. БІРАҚ МАСА ҚАЖЫМАЙДЫ, СЕБЕБІ ЕЛДІ ОЯТПАСА, БОЛАШАҒЫ БҰЛЫҢҒЫР БОЛАТЫНЫН БІЛЕДІ.

БІР КҮНІ ОНЫҢ ШЫРЫЛЫН БІР ЖАС ЖІГІТ АНЫҚ ЕСТИДІ. ОЛ МАСАНЫҢ СӨЗІН ТҮСІНІП:

— ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ ҮШІН ОҚУ, ІЗДЕНУ КЕРЕК ЕКЕН, — ДЕП ОЯНАДЫ.

ЖАС ЖІГІТТЕН КЕЙІН ТАҒЫ БІРНЕШЕ АДАМ ОЙЛАНЫП, ЕҢБЕК ПЕН БІЛІМГЕ БЕТ БҰРАДЫ. ОСЫЛАЙША КІШКЕНТАЙ МАСАНЫҢ ШЫРЫЛЫ ҮЛКЕН ӨЗГЕРІСКЕ СЕБЕП БОЛЫП, ХАЛҚЫНЫҢ БІРТІНДЕП ОЯНА БАСТАУЫНА ЖОЛ АШАДЫ.



А.БАЙТҮРСЫНҰЛЫ.
«МАСА»